

Y00053 25.12.2020

### Ауа райы дегеніміз не?

**КУАНЫШКЕРЕЕВА МАЙРА ШАРИПОЛЛАЕВНА**

Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы,  
Айтиев бастауыш мектебі. Бастауыш сынып мұғалімі

<b>Пән: дүниетану</b> <b>Сынып: 1</b> <b>Күні:</b> <b>Сабақтың тақырыбы:</b> <b>Ауа райы дегеніміз не?</b>	<b>Мектеп:</b>  <b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>  <b>Қатысқандар:</b> <b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>Ұзақ мерзімдегі оқу мақсаты</b>	1.2.2.1 ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау 1.2.3.1. Жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау.
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Жыл мезгілдерін біледі. <b>Көпшілігі орындай алады:</b> Ауа-райын жыл мезгілдерімен сәйкестендіреді. <b>Кейбірі орындай алады:</b> Ауа райының шартты белгілерін біліп, табиғатта бос уақытын тиімді қолданады.
<b>Бағалау критерийлері</b>	➤ Жыл мезгілдерін ажыратады. ➤ Ауа райының адамға тигізетін әсері туралы әңгімелейді ➤ Жыл мезгілдеріне қатысты бос уақытты өткізу жолдарын атайды.
<b>Тілдік мақсат</b>	<b>Оқушылар орындай алады:</b> Ауа-райын жыл мезгілдерін сәйкестендіреді. <b>Түйінді сөздер мен сөз тіркестері:</b> Жыл мезгілдері, ауа райы <b>Сыныптағы диалог/жазылым үшін</b>

	<p><b>сайкелетін тіл стилі:</b> Өзің тұратын мененнің ауа райын сипатта</p> <p><b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> Көкжиек тұстарын білу не үшін қажет? Адамдар әр жыл мезгілінде немен айналысады?</p>
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	<b>4.Рухани жаңғыру:</b> Заманауи Қазақстанда жасап жатқан адамдарға қоғамға таныту ақпараттық қолдау жасап, танымал студия жаңа мультимедиалық алаңын қалыптастыру
<b>Денсаулық, техника қауіпсіздігінің сақталуы</b>	Сынып бөлмесінде, сабақ барысында, сергіту сәтінде жеке бастың жалпы қауіпсіздігін қатаң сақтау.
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Жаратылыстану
<b>АКТ қолданудағысы (сабақт ақолданылатын болса көрсеті ңіз)</b>	Слайд
<b>Алдыңғы меңгерілген білім</b>	Әріптерді таниды

**Сабақ барысы**

<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақта жоспарланған іс-әрекет</b> <b>Ынтымақтастық атмосферасын ұйымдастыру</b>
<b>Сабақтың басы</b>	<p><b>Топқа бөлу: әріптер арқылы топқа бөлеміз</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ширату жаттығуы.</li> <li>2. Топқа бөлу: «Мазайка» әдісі. Жыл мезгілдері суреттерін құрастырып, топқа бөлінеді</li> </ol> <p><b>I-топ күз, II –топ қыс, III-топ көктем, IV-топ жаз.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Қолдың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру. Көзбен мөлшерлей білуге, өз ойын толық жеткізе білуге дағдыландыру</p>

<b>Сабақ ортасы</b>	<p>Белсенді оқу тәсілі бойынша тапсырмалар.</p> <p><b>(ТЖ) «Сәйкесін тап» әдісі</b></p> <p><b>I-топ күз.</b> Суреттегі ауа райына сәйкес келетін заттар мен киімдерді анықтаңыз және байланыстырып сызыңыз. Адамдар неліктен ауа райына сәйкес киінеді?</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жаңа материалды пысықтау, түйінді ойларды бекіту.</p> <p><b>II –топ қыс.</b> Суретте берілген ауа райын атаңыз. Ауа райына байланысты адамдар қандай әрекет жасайтыны туралы әңгімелейді.</p> <p><b>III-топ көктем,</b> Суреттегі жыл мезгілдерінің атауын жазыңыз</p> <p><b>IV-топ жаз.</b> Суретке мұқият қарап, бос уақытты табиғатта өткізуге қолайлы болатын ауа райы бейнеленген суретті белгілеңіз. Мұндай күндерде бос уақытыңызды қалай өткізер едіңіз? Топта әңгімелеңіз.</p> <p><b>Дескриптор:</b> Білім алушы- -ауа райына сәйкес суреттерді анықтап, сәйкестендіреді. -ауа райының адамдардың көңіл күйіне тигізетін әсері туралы ойын айтады.</p> <p><b>«Саралау» әдісі</b> бойынша деңгейлік тапсырма беріледі.</p> <p><b>(ЖЖ) «Бэкроним» әдісі.</b></p> <p><b>Барлық оқушылар)</b> Жыл мезгілдерін атаңыз.</p> <p><b>Көпшілік оқушылар)</b> Ауа райындағы шартты белгілерді жазыңыз</p> <p><b>Кейбір оқушылар)</b> Жыл мезгілінің құбылыстарын сипаттайды. 1) жаңбыр жауып тұр; 2) жапырақтар түсе бастады; 3) жел соғып жатыр; 4) құстар жылы жаққа ұшып кетеді; 5) суытады.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, сөз қорын дамыту.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>-Жыл мезгілдерін атайды. -Жыл мезгілдерінің шартты белгілерін жазады.</p>
---------------------	---

	-Ауа райындағы өзгерістермен құбылыстарды атайды.
<b>Сабақтың соңы</b> <b>Рефлексия</b>	<b>Қорытындылау:</b> Кері - байланыс әдістерінің бірі: «Белгілер » әдісі
<b>Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?</b> Табиғатта бос уақытын тиімді қолданады. Жыл мезгілінің құбылыстарын сипаттайды. 1) жаңбыр жауып тұр; 2) жапырақтар түсе бастады; 3) жел соғып жатыр; 4) құстар жылы жаққа ұшып кетеді; 5) суытады.	<b>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз?</b> «Мозайка»әдісі, «Сәйкесін тап» әдісі, «Бэкроним» пәдісі, «Баспалдақ» әдісі
<b>Сабақ бойынша рефлексия</b>	Рефлекцияны жүргізу үшін оқушыларға өз біліктерін мақсатқа сай екенін салыстыруды ұсынады: кім сабақта түсінді, ол нені біледі: <ul style="list-style-type: none"><li>• Әр жыл мезгілдерінің айларын ату</li><li>• Әрбір айда неше күн барын анықтау</li></ul>
<b>Жалпы баға</b> Қандай екі нәрсе табысты болды(оқытуда да, оқуда да ескеріңіз)? Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуда да, оқуда да ескеріңіз)? Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не ?	

Y00054 25.12.2020

### Эссе «Мен бастауыш сынып мұғалімі»

**БАГЛАНБАЕВА ГУЛЗАДА НҰРМАХАНҚЫЗЫ**  
*Түркістан облысы. Бәйдібек ауданы. Тұрақты ауылы  
Ж. Жүнісбеков атындағы жалпы орта мектебі  
Бастауыш сынып мұғалімі*

Мен – бақыттымын! Неге дейсіз бе? Неге деген сол сұрақты қойыңызшы маған. Өйткені, мен неге бақытты екенімді айтуға асығыспын! Оның себебі, мен бастауыш сыныптың мұғаліммін.

Мұғалім мамандығына жастайымнан бейімделгенмін деуге болады.

Бұл дәйек менің мамандық таңдаудағы алғашқы жетістігімнің бірі болды және тек қана осы жерде, балаларға тәрбие, білім беру арқылы қоғамға қандай да бір пайда әкеле аламын деген сенім берді. Мен өмірімді жұмыстан бөлек елестете аламын ба? Жоқ, мен үшін ұстаздық – бұл мамандық емес, өмір салты. Ұстаздық – бұл менің жаратылысым. Сондықтан, «Ұстаздық – бұл адамға берілетін сый, ұстаздық – бұл талант, ұстаздық – бұл бейімділік, ұстаздық – бұл өмірлік іс» дер едім. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолымды бүгінгі күнге дейін еңбек етудемін.

Педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Жақсы ұстаз— бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігі болуы тиіс.

Күнделікті әр оқушыға математиканың заңдылықтарын ұғындыра отыра, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға тырысамын. Бүгінгі заманауи сабақты жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларсыз елестету мүмкін емес, сондықтан өз іс-тәжірибем ер оқушының өз бетінше жұмыс жасау қабілетін, оны дамыту, жетілдіру жолдарын ескеремін. Әрине, әр бала көбейту кестесін білуі, есептерді шешуі маңызды болса да, ең маңыздысы болашақта ол алған білімін өмірде қолдана алуы деп білемін.

Әр сабағымды шығармашылықпен жоспарлап, оқушыға дайын білімді бермей, бағыт бере отыра қиындықты жеңуге, ізденіс дағдыларын қалыптастыруға байланысты тапсырмалар әзірлеймін. Әрбір сабақтың қызықты, тартымды өтуін, әрбір оқушы сыныптан шыға бере өзінің бүгінгі нәтижесі мен мүмкіндіктерін мақтан ететіндей сезімде болуын қадағалаймын.

Қателеспейтін тұяқ жоқ демекші, қателесе отыра мақсатқа ұмтылуға жетелеймін. Оқушы үшін білім алатын орта қалыптастыру, оқушының ішкі уәжін ояту, оған өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсету, өзін-өзі бағалау, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, алған білімнің күнделікті өмірде қажетілігін түсіндіру менің алдыма қойған мақсатым десем артық емес.

Бүлдіршіндердің сабаққа деген қызығушылығын, танымдық белсенділігін, тіл үйренуге деген ынтасын арттыру үшін жаңа технологияларды қолдана отырып, инновациялық әдістермен жұмыс жүргізгенді жақсы көремін.

Қазір жаңа технологиялардың түрі көп. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларын қызықтыра оқыту көп нәрсені талап етеді. Әрбір бала-бір-бір әлем. Сондықтан, сабақ үрдісінде түрлі әдіс – тәсілдерді және сонымен қатар түрлі формаларды қолдануға тырысамын. Әсіресе ойын технологиясын көп қолданамын, бұл технологияны қолданғанда бүлдіршіндердің көздері жанып тапсырманы орындауға асығып отырады.

Осы технологияларды сабақтарымда үнемі қолданып отырамын соның арқасында көздеген нәтижеме қол жеткізіп отырмын. Бүлдіршіндердің бір орында ұзақ уақыт отырып қалмауын, жалығып кетпеуін ескеріп сабақтарды ойын түрінде қимылды-әуенді ойын-жаттығулар, қимылды-қозғалыс барысындағы тапсырмалар, шағын топтар жұмысы, логикалық ойлау қабілеттеріне арналған тапсырмаларды жұмбақ суреттер, ситуациялық тапсырмалар, дидактикалық ойындар, ертегі негізіндегі тапсырмаларды қолданамын. Ойында әрбір баланың шығармашылық қабілеті, ерік-жігері, көңіл-күйі ерекше байқалады. «Ойлы бала-ойыннан белгілі» деген халық даналығы. Сондықтан, баланың ойынға деген қызығушылығын сабақ процесімен әр сабағымды ұйымдастырамын.

Өз тәжірибемде осының біреуін қолдану үшін күнделікті сабаққа кірген кезде бүлдіршіндердің жүздеріне мұқият қарап, олардың көңіл - күйлерін түсінуге тырысамын. Кейбір бүлдіршіндер көңілдері көтеріңкі, жайдарлы болса, кейбіреулерінің сабаққа ешқандай құштарлығы болмайды.

Сондай сәтте мен әр сабағымды шаттық шеңбері, жүрек жылуы, жылулық шеңбері, жақсы лебіз, психологиялық сәт немесе жақсы көңіл көтеретін әнмен, өлеңмен бастаймын. Бұл әдіс бір жағынан бүлдіршіндердің көңілін көтереді, екінші жағынан сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын арттырады.

Мен бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан балаларды дұрыс сөйлеуге, ойын еркін жеткізе білуге үйретіп қана қоймай, оларды қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін сыйлауға, мемлекеттік тілді қадір тұтып, сыйластықпен қарауға үйретемін.

Мұғалімге қойылатын жауапкершілік зор. Сонымен қатар бүлдіршіндердің соған сай үйренсем – білсем деген талаптары күннен – күнге өсіп келеді.

Мерекелік ертеңгіліктерде үйірме жұмысында қазақ тілінде тақырыпқа сай тақпақ, жұмбақ, мақал-мәтелдерді жатқа айтқызып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға тырысамын. Ұлттық мерекелерде қазақ халқының салт дәстүрлерінен үзінді, қойылымдар көрсетіледі.

Бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз деп ойлаймын. Мектеп табалдырығын тарыдай болып басқан және таудай болып шыққан бүлдіршіндерді сауатты, саналы азамат болып өсіру біздің қолымызда. Олай болса еліміздің болашағын ойлайтын саналы азаматтарымыз, қасиетті тілімізді биік – биік шыңдарға шығарып, әлемдік тілдер қатарынан қоссын дегім келеді.

Ұстаз болғанымға мақтанамын. Өйткені ұстаз – мақтан тұтар мамандық. Киелі әрі өте көне мамандық. Адам Ата Хауа Анадан бері жұмыр басты пендені ойландырып, толғандырып келе жатқан, қоғам өзгерсе де қажеттігін жоймайтын үлкен мәселе – шыр етіп дүниеге келген нәрестені өмір сүруге дайындау. Бұл – қиынның қиыны. Себебі әр адам – қайталанбас тұлға. Оның жан дүниесі - өзінше бір әлем. Ал ұстаз сол әлемді шар-тарапқа жетелеуші. Ұстаз - бала болмысына өзгеріс енгізуші, бағыт-бағдар беруші, ата-ананың сенімді көмекшісі.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.

Осындай қызығы да, қиындығы мол мамандықты мен де таңдадым. Ұстаз болу – бала кезімнен арманым еді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»демекші, шәкірт бойындағы ұстамдылық пен тәрбиелілік көбіне ұстазға келіп тіреледі. Ескендір Зұлқарнайын: «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель», - десе, Абылайхан Төле биді, Шәкәрім ұлы ақын Абайды ұстазым деп, шексіз құрметтеп кеткен екен. Бұрынғы қазақ даласындағы ағартушылық қызмет балаға жазу-сызу, оқуды үйретуге ғана саятын болса, бүгінгі таңдағы білім беру саясы мүлде басқаша. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді.

Ал жаңашыл ұстаз қандай болуы керек? Әрине, ол өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да түсінікті. Бұл - әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет.

Сондай-ақ ұстаз күнбе күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға дайын болуға тиіс. Өмірдің көшінен қалмау, яғни білімі мен біліктілігін әрдайым жетелдіріп, жаңа инновациялық технологияларды меңгеріп отыруы керек. Сондықтан да ұстазды әр баланың жан-дүниесін танып-білуші әрі оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады.

«Ұстаз» сөзінің 2 түрлі сипаты бар. Бірі – белгілі пәннен сабақ беретін оқытушы да, екіншісі – жоғары беделді адамдарға ықпал етуші дана адам. Мектептегі ұстаз – баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы. Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты кешіре біледі. Оның бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп, ержеткізеді.

Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге себін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады.

Ұстаздың осыншама қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге.

Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі жас буын - еліміздің келер күнгі келбеті. Бұл жөнінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген тұжырым жасады. Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. «Педагогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі.



Y00059 25.12.2020

## **Қашықтықтан оқытудың маңызы және рөлі**

### **ШАКЕНОВА АЛТЫНАЙ АСҚАРБЕКҚЫЗЫ**

*Түркістан облысы. Бәйдібек ауданы. Тұрақты ауылы.*

*Ж.Жүнісбеков атындағы жалпы орта*

*мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші — адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс.

«Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолданылуда. Инновация – бұл жаңалықтардың таралуы және құрылуы. Қазіргі педагогиканың негізгі тенденциясы оқытуды өнеркәсіптік-технологиялық процеске айналдыру үшін дидактикалық жолын және құралын табу болды. Бұл ізденіс «педагогикалық технология» деген ұғымға әкелді. ХХІ ғасырда ақпарат жүйелерінің өркендеп, ғарыштап дамып келе жатқанын білеміз, өнеркәсіп пен ортаның дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстар табылады. Сауатты өмір – дамудың жаңа фазасына енеді, бұл жаңа сауатты оқыту технологиясын құруға біртіндеп көшуді талап етеді. Оқытудың жаңа технологиясына көшу ұзақ уақыт алады. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Негізгі базалық білім беру аймағында қызмет көрсету жағынан да қашықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде. Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады.

**Қашықтан оқыту** – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

Мұғалімдердің алдын – ала дайындау және ұйымдастыру шаралары жүргізілмесе, программалық қамтамасыз етілмесе оқушылардың білімі жоғарламайды. Өйткені оқушының білімін, үлгерімін көтеруіміз үшін оқытушының біліктілігін көтеруіміз керек. Қашықтан оқыту бұл мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді. Қашықтан оқытудағы мұғалімдердің біліктілігін көтерудегі артықшылықтары:

- экономикалық, оқытуға кететін жалпы шығыны 40% кемиді;
- коммерциалық, қашықтан оқыту, технологиясы және оны қолдану болып табылады, оған деген сұраныс күннен-күнге өсуде;
- педагогикалық, оқыту мотивациялық, интерактивті, технологиялы және индивидуалды болып келеді;

эргономикалық, қашықтан тыңдаушылар және мұғалімдер айналысуға өзіне ыңғайлы уақыттың кестесін қоюға мүмкіндігі бар; коммуникативті, электронды желілері арқылы байланысатын педагогтардың, тыңдаушылардың мамандықтар саны көбеюде.

Мұғалім оқушының ішкі жан – дүниесінің сырын ашып, оның симпатикалық ынтасының дамуына жағдай тудырып отырады. Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай ғарыштап дамуы, әрбір педагогтан сабақты ғылыми жобада жасауын талап етеді. Сабақты ғылыми жобада жасай білген мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, оның сабаққа деген қызығушылығын арттырып, мұғалім мен оқушы арасында түсінушілік пайда болады. Мұғалімнің коммуникативті дамуы: оқушыларды тыңдау, олардың көзқарасын түсіне білу, сын жасай білу, әңгіме, ұйымдастыра білу керек. Әрбір мұғалімнің бойында шартты рефлексиялық қасиеттер қалыптасуы керек: балаларды оқытуды өзінің тәсілін жұмысында қолданып, қиын жағдайларда шешімін тауып, шыға білу керек. Қашықтан оқыту курсы осыған бағытталған.

Қашықтан оқытуды екі негізгі бөлікке бөлуге болады: **техникалық** және **дидактикалық**. Оның құралы болып телекоммуникациялар, аудио және видео жазбалар, жергілікті және ауқымды компьютерлік желілер. Ұйымдасқан – дидактикалық құрылымда қашықтан оқыту оқытудың негізгі компоненті болып табылады, оқушылардың өз бетімен білім алуы.

Ақпараттық технология жақсы дамығанымен ол оқытудың басты құралы болып есептелмейді. Ол үшін оқу бағдарламасында және оқыту әдістеріне өзгеріс енгізу керек. Жаңа технологияны қолдану мұғалімдерге дайындық жұмыстарына көп уақытты керек етеді. Әрбір мұғалімнен ізденуді, шығармашылық жұмыс жасауды, алыс – жақын шетелдердің озық тәжірибелерімен танысуды және оның күнделікті өмірде қолдануды қажет етеді.

Бұл оқыту құралының күштілігі соншалықты, онымен бірге басқа колледждермен оқытудың жаңа түрлерімен, оқыту әдістерімен алмасады. Колледжде телекоммуникация тақырыбын оқыту мүмкіндігі бар. Әдістемелік кешен, мұғалім мен оқушыға қажетті бағдарлама, қазақ тіліндегі оқулықтар мен көмекші құралдары жеткіліксіз. Пән мұғалімдерінің Интернетті осы уақытқа дейін аз қана пайдаланып, тіпті қолданбағандары да бар. Колледждер жаңа ақпараттық технологиялармен жабдықталғанымен, мұғалімдердің осы тақырып бойынша білімін жоғарылататын, яғни мұғалімдерді дайындайтын курстар жеткіліксіз. Ал, жалпы білім беру ісі жөнінен басқа озық елдердің тәжірибесін зер салып отыру, өзінің білімін жоғарылату, жаңашылдық, озат тәжірибе, компьютерлік коммуникацияны үйрену – әрбір пән мұғалімінің кәсіптік міндеті, қажетті парызы. Қаншалықты барлық құралдар жеткілікті болғанымен, пән мұғалімінің білімі төмен болса, оқушылардың телекоммуникация жөніндегі білімі төмендеп, болашақта Қазақстандағы телекоммуникациялық ортаның дамуына әсерін тигізеді.

Білімнің қайнар көзі оқулықта. Кітапханалар, оқу кітаптарының жетіспеушілігінен оқушылардың білімдері толық жеткілікті емес. Қазіргі кезеңде оқулықтар теориясы, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларымен жобалау әдістемесі жасалуда.

Оқушылар қашықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндігі артады. Мысалы керекті әдебиеттер мен оқу кітаптарын іздеу, бақылау және тестік тапсырмаларды орындау, лабораториялық жұмыстар, дайын баяндамалар, қашықтан олимпиядаға қатысу оқушының шығармашылық потенциалының дамуына әсер етеді.

Әр елде, қалада орналасқан оқушылардың қашықтан оқытуға қатысуы шығармашылық бірігу және жарысу эффектісін береді. WEB – беттер жасауда оқушылар өздерінің жұмысын желіден көріп оқушы ғылыми, суретші немесе басқа шығармалардың авторлары болады. Өзінің жұмыстарын жақсы, қызықты етіп көрсету үшін олар гипермәтіндермен, графикамен, дыбыстармен жұмыс істейді. Қашықтан оқуда оқушылар мәдениет арасында байланыс орната алады. Басқа елмен сұхбаттасу үшін сол елдің мәдениетін жақсы білу керек. Сонда мәдениеті, білімдері, діни бөлек оқушылар емін-еркін ақпарат алмаса алады. Басқа елмен байланысу үшін алдын ала оқушының психологиясын дайындау керек. Ол үшін әр түрлі тренинг өткізу керек. Бұл тренингте басқа елдердің мәдениетімен, олардың арасындағы айырмашылықтарды таныстыру бағытымен өтеді. Оларда мезгіл уақыттары мен уақыт арасында айырмашылық болады. Осы жерде электрондық конференциялар көмектеседі, одан керекті ақпаратты алуға болады. Қашықтан оқыту оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де тиімді екенін уақыт дәлелдеді. Қашықтан оқыту жүйесіне ата-аналардың көзқарасы жақсы қалыптасып келеді. Әсіресе ата-аналар үшін қашықтан оқыту материалдық

жағдайының тиімді болуын қарастырады.

Қашықтан оқытудың міндетін түсіну үшін оқушылардың арасында мониторингтік сараптамасы жүргізілу керек. Мониторинг нәтижесі бойынша қашықтықтан оқыту оқу процесіне жағымды әсер етеді.

**Кемшіліктері:**

Қашықтан оқыту біздің елімізде кең таралуы жайлы айту әлі ертерек, толыққанды қашықтан оқыту туралы айту үшін оқу орындарында және оқушының үйінде де жақсы техникалық және программалық құралдар болуы тиіс. Оның үстіне байланыстың сапасы жоғары болуы тиіс, бізде ол жағы әлі әлсіздеу. Білім Министрлігінің тарапынан қашықтан оқыту формасының әрекетіне қатысуында жетіспеушілік бар, нормативті-құқықтандыру, экономикалық және финанстық сұрақтар, Интернет бағасының жоғарлығы. Бұл проблеманы шешу үшін, мынадай ұсыныстар бар:

— кабинеттер компьютерлермен толық қамтамасыз етілуі керек;

— қашықтан оқыту курстары және бағдарламалары болу керек, оқытудың әдіс – тәсілін жасау, жобалау, арнайы курстар, үйірмелер ашу;

— қашықтан оқытудың өмірде жиі пайдалану, пайдаланудың тиімді әдістерін ойлап табу;

— алыс-жақын шет елдердегі қашықтан оқытудың іс-тәжірибесін оқып-үйрену;

— қашықтан оқытуда оқушының білім сапасын бағалаудың жаңа критерийін жасау;

— ақпаратты-техникалық жабдықтау қызметі қашықтан оқытудың программалық, ақпараттық және техникалық құралдарын дайындау;

— мультимедиялық бағдарламалармен жабдықталуы керек.

Әрине, оқу орындарының компьютерлік базасы әрі қарай толықтырылады, жетілдіріледі, бірақ соған қарамастан, қолдағы бар құралдарды толық пайдаланып, солардың мүмкіндіктерін барынша қолдануға тырысу керек.

Қорыта келе айтарым – оқу процесінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданысқа енгізу техникалық жағынан да, психологиялық жағынан да күрделі мәселе болып табылады.

Y00056 25.12.2020

## **Эффективность дистанционного обучения**

**СИХИМБАЕВА АКЛИМА КУАНЫШБЕКОВНА**

*Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Тұрақты ауылы*

*Ж.Жүнісбеков атындағы жалпы орта мектебінің орыс тілі пәні мұғалімі*

**Дистанционное образование** – «комплекс образовательных услуг, предоставляемых широким слоям населения в стране и за рубежом с помощью специализированной информационной образовательной среды, базирующейся на средствах обмена учебной информацией на расстоянии (спутниковое телевидение, радио, компьютерная связь и т.п.)».[11]

**Дистанционное обучение** – «новая организация образовательного процесса, базирующаяся на принципе самостоятельного обучения студента. Среда обучения характеризуется тем, что учащиеся в основном, а часто и совсем, отдалены от преподавателя в пространстве и (или) во времени, в то же время они имеют возможность в любой момент поддерживать диалог с помощью средств телекоммуникации».[11]

**Дистанционное обучение** – «это новая ступень заочного обучения, на которой обеспечивается применение информационных технологий, основанных на использовании персональных компьютеров, видео- и аудиотехники, космической и оптоволоконной техники».[11]

**Дистанционное обучение** – это «взаимодействие преподавателя и обучающихся между собой на расстоянии, отражающее все присущие учебному процессу компоненты (цели, содержание, методы, организационные формы, средства обучения) и реализуемое специфическими средствами Интернет-технологий или другими средствами, предусматривающими интерактивность»[1] и «это самостоятельная форма обучения, информационные технологии в дистанционном обучении являются ведущим средством».[1]

В законе «Об образовании Российской Федерации» «под **электронным обучением** понимается организация образовательной деятельности с применением содержащейся в базах данных и используемой при реализации образовательных программ информации и обеспечивающих ее обработку информационных технологий, технических средств, а также информационно-телекоммуникационных сетей, обеспечивающих передачу по линиям связи указанной информации, взаимодействие обучающихся и педагогических работников. Под дистанционными образовательными технологиями понимаются образовательные технологии, реализуемые в основном с применением информационно-телекоммуникационных сетей при

опосредованном (на расстоянии) взаимодействии обучающихся и педагогических работников».[7]

Из этого множества определений наиболее точным считается следующее: **дистанционное обучение** – это «совокупность технологий, обеспечивающих доставку обучаемым основного объема изучаемого материала, интерактивное взаимодействие обучаемых и преподавателей в процессе обучения, предоставление обучаемым возможности самостоятельной работы по освоению изучаемого материала, а также в процессе обучения».[2] Существует большой набор средств, которые могут быть использованы для организации взаимодействия обучающегося и преподавателя. Наиболее широкое распространение в начальной школе получили следующие:

Электронная почта. Данная форма взаимодействия доступна для обучающихся и среднего, и начального звена. Преимущество заключается в том, что обучающийся может выполнять задание в удобное для него время, используя все необходимые ресурсы. Недостаток же в том, что преподаватель не может в реальном времени «сопровождать» и «направлять» учащегося. (см. приложение 2)

Использование программы «Скайп» (Skype), позволяющей общаться через сеть интернет по всему миру. В этом случае преподаватель может давать необходимую консультацию непосредственно в процессе выполнения работы, обсуждать с обучающимся ход её выполнения, полученные результаты, вносить необходимые поправки. Сложности возникают с визуализацией работы учащегося, так как это происходит либо через веб-камеру, а качество сигнала не всегда позволяет это сделать, либо через электронную почту, что опять же приводит к «растянутости» во времени. (см. приложение 3)

Гугл-документы. Данный ресурс можно использовать и при работе с документами, и с презентациями, и с таблицами. При этом доступ к ним может быть одновременным, т.е. преподаватель «видит», как обучающийся выполняет задание, может корректировать его работу. Недостаток данного ресурса в том, что есть ряд стран, которые ограничивают работу данного браузера и использование его ресурсов становится невозможным. (см. приложение 4)

Moodle — система управления курсами (электронное обучение), также известная как система управления обучением или виртуальная обучающая среда, которая представляет собой веб-приложение, предоставляющее возможность создавать сайты для онлайн-обучения. «Задания могут решаться как в специальных тетрадях, так и на личной страничке, открытой в веб-браузере на компьютере у обучающегося. Личная страничка отображает содержимое веб-сайта, например, созданного в специальной системе управления обучением «Moodle». На этой страничке обучающийся, пройдя авторизацию, может выбрать предмет обучения, посмотреть задания, отправить их на проверку, посмотреть вспомогательные материалы и т.д. В свою очередь,

этот веб сайт размещаются точно так же как и миллионы обычных веб сайтов интернета, на сервере, специально выделенном или виртуальном хостинге. Соответственно, преподаватель имеет свой уровень доступа к системе и имеет несколько более широкие возможности, по сравнению с обучающимися. Может создавать и корректировать содержимое учебных курсов, просматривать задания и т.д. Тестовые задания, как правило, проверяются сразу в автоматическом режиме. А результаты учебы заносятся программой и преподавателем в электронный журнал». [5]

Возможно также использование различных чатов, блогов, форумов, видеоконференций и т.д.

При выборе средства организации взаимодействия с обучающимся преподаватель прежде всего должен ориентироваться на те, которые доступны учащемуся в силу возраста и навыков работы с информационно-компьютерными технологиями, но при этом необходимо постепенно знакомить его и другими, так как это создаст у ребёнка дополнительную мотивацию, сделает процесс обучения более разнообразным, поможет повысить качество освоение учебного материала.

Y00060 25.12.2020

### **Қашықтан оқыту – заман талабы**

#### **ҚОЙГЕЛДИЕВА АЙНҰР БОРАНҚЫЗЫ**

*Түркістан облысы. Бәйдібек ауданы. Тұрақты ауылы*

*Ж. Жүнісбеков атындағы жалпы орта*

*мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Қашықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар

**Онлайн(синхронды) режимдегі оқыту** дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

**Оффлайн (асинхронды) режимдегі оқыту** дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

**Вебинар** дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Қазақстандағы пандемия жағдайында еліміздің мектеп оқушылары қашықтан оқыту режиміне көшті. Әрине мұндай жағдай ата-аналарға, оқушыларға, мұғалімдерге оңай болған жоқ. Мектепке баланы жіберіп, мұғалімге сенім артқан ата-аналар жауапкершілікті толыққанды сезінді. Оқу үрдісін қалыпты ұйымдастыру барысында, яғни оқушы күнде мектепке барып, мұғалімнің алдын көріп білім алу жағдайында көп ата-ана оқу үрдісінен шет қалып отыратын. Олар бұл жағдайда негізгі жауапкершілік ұстаздарда деп ойлайтын. Ал, қашықтан оқыту барысында ата-ана өз ұрпағының өз бетінше білім алуына тікелей жауапты екенін түсінді. Бұл жағдай ата-анаға да, оқушыға да үлкен жауапкершілік жүктеп отыр.

Ендеше осы қашықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктеріне қысқаша тоқталып өтейік.

#### **Артықшылықтары:**

- **Кез-келген уақытта білім алу мүмкіндігі.**

Қашықтан оқытылатын оқушы материалды меңгеруге қашан және қай уақытта кірісетінін өздігінше шеше алады.

- **Өз қалауыңыз бойынша білім алу мүмкіндігі**

Оқушыларға қатарластарымнан артта қаламын деп қобалжудың қажеті жоқ. Сіз әрқашан күрделі мәселелерді зерттеуге қайта орала аласыз, бірнеше рет видео дәрістерді көре аласыз, мұғаліммен хат алмасып және оны қайта оқи аласыз, өзіңізге белгілі тақырыптарды өткізіп жібере аласыз. Ең бастысы жақсы нәтиже көрсету

- **Кез-келген жерде білім алу мүмкіндігі**

Оқушылар үйден шықпай-ақ, әлемнің кез-келген жерінде оқи алады. Оқытуды бастау үшін сізде Интернетке қосылған компьютер болуы керек. Күн сайын мектепке бару қажеттілігінің болмауы, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы.

## **2. Оқудың жоғары нәтижелері**

Американдық ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, қашықтықтан оқыту нәтижелері дәстүрлі білім беру нәтижелерінен кем түспейді, тіпті, одан да жоғары. Қашықтан білім алушы оқу материалдарының көпшілігін өз бетінше оқиды. Бұл тақырыптарды есте сақтау мен түсінуді жақсартады. Ал білімді практикада, жұмыста бірден қолдана білу олардың білімдерін бекітеді. Сонымен қатар, оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану оны қызықты ете түседі.

- **Мобильділік**

Мұғалімдермен байланыс синхронды және асинхронды жолдармен өткізіледі. Қанша артықшылықтарын келтірсек те, қашықтан оқытудың кемшіліктері де жоқ емес



## **Кемшіліктері:**

### **1. Күшті мотивация қажет.**

Қашықтан білім алушы оқушы барлық оқу материалдарын дербес оқиды. Бұл ерік-жігер, жауапкершілік пен ұстамдылықты талап етеді. Сыртқы бақылаусыз оқудың қарқыны төмендейді.

### **2. Қашықтан білім беру коммуникативтік икемділікті дамыту үшін қолайсыз.**

Қашықтан оқыту кезінде оқушылардың бір-бірімен және мұғалімдермен жеке байланысы аз болады. Сондықтан оқытудың бұл формасы сыпайылықты, сенімділікті, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға жарамайды.

### **3. Практикалық білімнің болмауы**

Көптеген практикалық сабақтарды қамтитын мамандықтар бойынша оқыту қашықтықта қиынға түседі. Тіпті, ең заманауи тренажерлар болашақ дәрігерлерге немесе мұғалімдерге тәжірибені алмастыра алмайды.

### **4. Компьютерлік сауаттылықтың жеткіліксіздігі**

Негізінен, мұғалімдер құрамының аға буыны қашықтан оқыту технологиясын меңгеруде қиындықтар туындайды.

### **5. Шалғай өңірлердің қашықтығы**

Қазақстанда шалғай аудандарда қашықтықтан оқытуға ерекше қажеттілік туындайды. Алайда, оқығысы келетіндердің көбісінде интернетке қосылған компьютер жоқ.

Қазіргі кезде Қазақстан оқушылары қашықтан білім алуда, бұл оқыту түрі дарынды, ізденімпаз оқушы үшін тиімді болса, ал үлгерімі мен жауапкершілігі төмен оқушы үшін біршама қиынға соғары сөзсіз...

Y00062 25.12.2020

## **Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру**

### **БЕКТҰРСЫНОВА РАЙХАН ЕРМЕКҚЫЗЫ**

*Түркістан облысы. Бәйдібек ауданы. Тұрақты ауылы  
Ж. Жүнісбеков атындағы жалпы орта  
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір–бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсартады.

Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенінді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады. Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

1. Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.

2. Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.

3. Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.

4. Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.

5. Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.

6. Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық

жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.

7. Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.

8. Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.

9. Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.

10. Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.

11. Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.

12. Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.

13. 4. Топтық сананы құру амалдары:

14. 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.

15. Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:

1. мақсатқа сенімділік;

2. мүшелердің бір-біріне сенімділігі;

3. жетекшіліктің оңтайлы стилі;

4. басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

5. Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:

6. Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады.

Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

7. Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.

- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
- қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
- мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет.

Y00061 25.12.2020

## Ата-ана, бала бақшада

### **МЫРЗАБАЕВА ГҮЛНАМА НОҒАЙБЕКҚЫЗЫ**

*Түркістан облысы. Бәйдібек ауданы. Тұрақты ауылы  
Ж. Жүнісбеков атындағы жалпы орта  
мектебінің даярлық тобы мұғалімі*

### **«Адамның адамшылығы ақылы, ғылымы, жақсы ата, жақсы ана, жақсы ұстаздан болады. Адам баласын бауырым деу жүректің ісі»**

Баланың жақсысы- әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында.

Ата- ана өз баласын махаббатың нұрына бөлеп, қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе»-деп бабымыз айтқандай баланы бесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқынын мысалын келтіріп жатады.

Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да, суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі- қиында күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш –жігердің қажет етеді.

Біз баламызға үнемі талап қойғышпыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек. Баланың көзінше қырсық мінез көрсетету, өзге адамды жамандау сияқты қылықтар бала бойына теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Бала тәрбиесін ойлайтын ата- ана ең әуелі өзін тәрбиелегені жөн болар еді деп ойлаймын. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек тәрбиеші ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, көгаландыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыру. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз.

Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет.

Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеніздер тәрбиешіні жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы

тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек. Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар.

Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым –

қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа.

Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби.



Y00063 25.12.2020

### Шамалар арасындағы тәуелділік


**ДИЛДАНОВА ГҮЛЗАТ АНУАРБЕКҚЫЗЫ**

Түркістан облысы. Бәйдібек ауданы. Тұрақты ауылы  
Ж. Жүнісбеков атындағы жалпы орта  
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі


<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>				
<b>Пән/Сынып:</b>		Математика / 3-сынып		
<b>Қай аптаның нешінші сабағы</b>				
<b>Тарау немесе бөлім атауы:</b>		Көбейту және бөлу		
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Шамалар арасындағы тәуелділік		
<b>Оқу мақсаты:</b>		3.2.3.4. 2 – 3 амалдан тұратын есептерді шығару		
<b>Бағалау критерийі:</b>		Білемін «+», білмеймін «-» белгісін қою.		
<b>Саралап оқыту тапсырмалары</b>				
<b>Ұжымдық жұмыс</b> Жаңа тақырыптың түсіндірілуі		<b>Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма)</b> Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету		<b>Жеке жұмыс</b> Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы
<b>Уақыты</b>	<b>Кезеңі</b>	<b>Тапсырма</b>	<b>Тапсырманың мақсаты</b>	<b>Бағалау</b>
2 минут	Ұйымдас тыру	Тақырып, мақсаттармен таныстыру	Не меңгеретінін білу үшін	
13 минут	Жаңа сабақ	Жаңа сабақты цифрлық ресурстар арқылы түсіндіру Кестені ауызша толтыру.	Жаңа тақырыпты меңгеру	Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау

Бағасы	Саны	Құны
9 теңге	3 дана	27 теңге
5 теңге	6 дана	30 теңге
4 теңге	6 дана	24 теңге


Заттың құнын білу үшін заттың бағасын оның санына көбейту керек.  
 $Қ = б \cdot с$












Сатып алынған заттың санын білу үшін заттың құнын заттың бағасына бөлу керек.  
 $с = Қ : б$



Заттың бағасын білу үшін заттың құнын оның санына бөлу керек.  
 $б = Қ : с$



15 минут	Тәжірибе	<p><b>1-тапсырма</b> «Дүкен» ойыны Сен дүкенге келдің. Әрбір сатып алынған заттың құнын анықта. Кесте бойынша есеп құрастырыңдар. Жолдастарыңнан оны шығаруды сұра. Бос орындарды толтыр және тексер.</p>	Жаңа тақырыпты тәжірибе арқылы меңгеру	Бағалау критерийлерін ұсыну					
				Дүкен ойынында заттың құнын таба білдім.	+				
				Кестеге байланысты есеп құрастырдым	+				
				Кері есеп құрастыра алдым.	+				
				9 теңгеден 5 дәптер					
				8 теңгеден 3 хатқалта					
				7 теңгеден 4 дәптерқап					
				8 теңгеден 4 бетбелгі					
				8 теңгеден 2 ашықхат					
				10 теңгеден 5 өшіргіш					
		<p><b>2- тапсырма</b> Есепті құрастырып, шартын жазып, Шешуін жазып, сұраққа жауабын жазу.</p>		<table border="1"> <tr> <td><b>Болды</b></td> <td><b>Сатып алынды</b></td> </tr> <tr> <td>80 теңге</td> <td>  9 теңгеден                 </td> </tr> </table>		<b>Болды</b>	<b>Сатып алынды</b>	80 теңге	 9 теңгеден
				<b>Болды</b>	<b>Сатып алынды</b>				
				80 теңге	 9 теңгеден				
<p><b>Шарты:</b> Болды- 80 тг Сатып алды- 9 тг-ден 2 (д) Қалды-? тг</p>									
<p><b>Шешуі:</b> 80 тг – 9 тг x 2 <b>Жауабы:</b> қалды 62 теңге</p>									

	<table border="1"> <tr> <td><b>Болды</b></td> <td><b>Сатып алынды</b></td> </tr> <tr> <td>70 теңге</td> <td>  </td> </tr> <tr> <td></td> <td>3 теңгеден</td> </tr> </table> <p><b>Шарты</b>                  Болды- 70 тг                  Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ)                  Қалды-? тг  <b>Шешуі:</b> <math>70 \text{ тг} - 3 \text{ тг} \times 4</math>  <b>Жауабы:</b> қалды 58 теңге</p> <p><i>Кері есеп құрастырып көрейік!</i>  <b>Кері есеп</b></p> <table border="1"> <tr> <td><b>Болды</b></td> <td><b>Сатып алынды</b></td> </tr> <tr> <td>? теңге</td> <td>  </td> </tr> <tr> <td></td> <td>3 теңгеден</td> </tr> </table> <p>Болды- ? тг                  Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ)                  Қалды-58 тг  <b>Шешуі:</b> <math>3 \text{ тг} \times 4 + 58 \text{ тг}</math>  <b>Жауабы:</b> болды 70 теңге</p> <p><b>Дескриптор:</b>                  Есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін пайдалана отырып, қосу және азайту амалдарын орындау біліктері, безендіру, түсініктеме беру, дәлелдеу, оқу тапсырмаларын шешуде болжамдар айту</p>	<b>Болды</b>	<b>Сатып алынды</b>	70 теңге			3 теңгеден	<b>Болды</b>	<b>Сатып алынды</b>	? теңге			3 теңгеден	
<b>Болды</b>	<b>Сатып алынды</b>													
70 теңге														
	3 теңгеден													
<b>Болды</b>	<b>Сатып алынды</b>													
? теңге														
	3 теңгеден													

5 минут	Қосымша тапсырма	<p>1. Көбейтудің мәнін қосу амалы арқылы тап.  <math>2 * 2</math>  <math>3 * 2</math>  <math>2 + 2</math>  <math>3 + 3</math>  <math>2 * 20</math>  <math>30 * 2</math>  <math>20 + 20</math>  <math>30 + 30</math></p> <p>Өрнектің мәнін тап.  <math>(85 - 85) * 18</math>  <math>(100 - 99) * 32</math>  <math>(25 + 49) * 0</math>  <math>(80 - 79) * 100</math></p> <p>Есепті шығар.          Әрқайсысы 3 килограмнан 6 банка қияр тұздалды. Барлығы неше килограмм қияр тұздалды?  <u><b>Дескриптор:</b></u>          Берілген қосымша тапсырмаларды өз бетінше орындайды__</p>	Бүгінгі тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендерін тексеру	10 баллдық жүйемен бағалау  Күнделік кз		
3 минут	Бекіту	<p>Жеке тапсырма ұсыну  <b>1.    ңгеге не сатып ала аласың?</b>  <b>1)Торт, йогурт және шоколад.</b></p>	Тақырыпты меңгергенін анықтау	<p>Бағалау критерийлерін ұсыну</p> <table border="1" data-bbox="1166 1839 1444 1980"> <tr> <td>500 теңгеге сатып ала алатын</td> <td>+</td> </tr> </table>	500 теңгеге сатып ала алатын	+
500 теңгеге сатып ала алатын	+					

		<p>Иә Жоқ</p> <p><b>2) Торт, «Чупа Чупс» және батон кәмпит.</b></p> <p>Иә Жоқ</p> <p><b>3) Торт, пирожное, «Чупа Чупс» және батон кәмпит.</b></p> <p>Иә Жоқ</p> <p><b>4) Йогурт, батон кәмпит және шырын.</b></p> <p>Иә Жоқ</p> <p><b>5) Йогурт, шоколад, шырын және торт.</b></p> <p>Иә Жоқ</p> <p><b>6) Йогурт, батон кәмпит, шырын және «Чупа Чупс»</b></p> <p>Иә Жоқ</p>		<p>нұсқаны дұрыс белгіледім.</p>
2 минут	Кері байланыс	"Ауа райы" әдісі	Бүгінгі сабаққа кері байланыс орнату	

Y00064 25.12.2020

## **Жаңартылған білім мазмұны-заман талабы**

### **КАРИБАЕВА СВЕТА НУРШАТАЕВНА**

*Түркістан облысы Шардара ауданы Сүткент ауылы*

*Т. Тәжібаев атындағы жалпы орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі*

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі-білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп,бәйгеден озып келетін заманы енді туды.Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керке»,деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу.Бұл тұрғыда тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім.Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет:ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең,іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады.Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері,соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.Жаңартылған білім беру бағдарламасы –озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп баяндалды.Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе,Елбасымыз «функционалдық сауаттылықты арттыруды»негізгі тапсырма етіп жүктейді.Функционалдық сауаттылық,кеңінен алғанда,білім берудің / бірінші кезекте жалпы білім беруді / көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналууда.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті талап етеді. Функционалдық сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп, өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарайды.

Әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды. Құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды. Белсенді түрде білім жинақтайды. Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады. Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алады. Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып, топпен, жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін формативті бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді. Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сыни тұрғыдан ойлауға үйреті; оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау; оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу; оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді.

Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып, белсене араласа алатын қабілетін көтеріп, танып білу заман талабы. Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру, сапалы білім беріп, оның болашағын, жеке басын сыйлау біздің бірінші міндетіміз.



Y00065 25.12.2020

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан  
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

**ШЕГЕБАЕВА АХТОЛКЫН ОРАЗХАНҚЫЗЫ**

*Түркістан облысы Шардара ауданы Сүткент ауылы*

*Т. Тәжібаев атындағы жалпы орта*

*мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу;білім беруді ақпараттандыру, халықаралық галамдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге,жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды.Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабылеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы,мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып,шешімді,саналы дәлелдер айтады. -мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм, дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына, синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

- 1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
- 2.Сенімділікке тәрбиелеу.
- 3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.
4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.
5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.
6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.
- 7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?» деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін. Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады. Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады. Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі. Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

• **Сын тұрғысынан ойлау** -ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды

және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді.Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;
2. Тәжірибеде қолдану;
3. Нәтижесін анықтау.

1-ші сатыда 2012-2013 оқу жылында технологиямен таныстым, баяндама әзірленді ;

2-ші сатыда 2013- 2014 оқу жылында сабақтарымда қолдандым, пәндік отырысқа әдістемелік әзірлеме дайындалды ;

3-ші сатыда 2014 -2015 оқу жылына әдебиеттік оқу пәнінен «Шешендік сөз», «Достық» тақырыбында ашық сабақтар жоспарлап өткіздім.

2015-2016 жылы Өзін-өзі тану пәнінен «Сөз іспен көрікті» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

Y00066 25.12.2020

## **Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы**

**БАТЫРОВА ГУЛЗИХАН ҚАРАҒҰЛҚЫЗЫ**

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы  
№ 42 Түймедақ балабақшасының тәрбиешісі*

Тіл - қоғамдағы адамдардың бір - бірімен пікір алысып, қарым - қатынас жасайтын құралы. Таза мәнерлі тіл – бұл ойлау жемісі. Баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойындағы тілдік мәдениетті қалыптастырамыз. Олай болса тіл адам баласы қоғамымен бірге туып, өмір сүріп, ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып келе жатқан мұра. Баланы тілдік мәдениетке тәрбиелеуде отбасының, бала - бақшаның қажырлы еңбегі орасан. Бала - бақшада тәрбие жұмыстарының басты мақсаттарының бірі - баланың тілін ұстартып, жақсы сөйлей білуге үйрету.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту жұмысы балабақшада өтілетін барлық сабақтарда (шығарма оқу, сауат ашу, сурет, математика, музыка, дене шынықтыру, т.б.) баланың жасына қарай жүргізіледі. Мысалы, жазда балабақша ауласында, «Жайлауға саяхат», «Дүкен», «Мұғалім», «Дәрігер», т.б. творчестволық ойындар өткізіледі. Бұл ойындарға қажетті материалдарды тәрбиешілер дайындап, балаларды қатыстыра отырып, өздері жасайды. Олар әзірленген түрлі түсті «кәмпит», «нан», «тоқаш», «құрт», «ыдыс-аяқ», «Жайлау» ойыны үшін жасалған киіз үй, үй мүліктері, төсек-орын, көрпе жастық, кілем, алаша — балалардың бұрын үйренген сөздердің дұрыс айтуға, бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысуға, бір-біріне әңгімелеп беруге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы. Алтынсарин атамызда балаларды оқу және оқыту, тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатындығын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай - қай тілде болса да, еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес» - деген болатын. Мектеп жасына дейінгі баланың тағы бір ерекшелігі – олардың еліктеу, қиялдау қабілетінің басым болуы. Сол себепті әрбір ата - ана, тәрбиеші баланың қойған сұрақтарына үнемі, дұрыс жауап берулері керек. Баланың тілін дамытуда мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

Балаларға жасына қарай көркем әдебиет шығармаларын мазмұнын айтқызу, мақал - мәтел айту, жұмбақтар жасыру сияқты жұмыстарды да жүргізуге болады. Жұмбақ жаттау кезінде балалар өзінің білім дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, ынта – жігері артып, жауапкершілікті сезінеді.

Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту мәселесі жаңа бағдарлама бойынша осы бағытта белгіленген. Алайда әлі оқи, жаза білмейтін балаларға жалпы тілге қойылатын талаптарды меңгерту, жаңа сөз үйрету, сөйлеу тәсілдеріне жаттықтыру, қоғам өмірінен, табиғат тіршілігінен тыс емес, осылармен тығыз бірлікте, сабақтаса жүргізіледі. Олай болса, тәрбиешілер тіл дамыту сабағын жоспарлағанда баланың өмірден алған әсерін, естіп, білгенін ұдайы ескеруге тиісті. Сөз үйретуге арналған сабақтар экскурсия, бақылау жұмыстарымен үйлестіріле жүргізіледі.

Тәрбиеші қай тақырыпта қандай бақылау, экскурсия, әңгімелесу, әңгімелету сабақтарын өткізгенде де балаға берілетін білім мен зат арасында шартты байланыс болуын ескерту керек. Әрбір тіл дамыту оқу қызметтерінде оқу қызметінің мазмұнына қарай диафильм ойыншық суреттер көрсетіп, әдеби шығармалар оқытылады. Сабақты осылайша көрнекі құралдарды пайдалана отырып, өмірмен, іс–тәжірибемен байланысты жүргізгенде ғана баланың санасында айналадағы дүние жөнінде айқын елес қалады.

Тіл дамыту, сөз қорын молайту сабақтарында баланы сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету ісіне баса назар аудару керек. Балалардың көбінің сөз ішінде кездесетін р, л, с, ш, ж, з, б, п, ф дыбыстарын айтуға қиналатыны байқалады. Кейде бала аталған дыбыстарды жеке–жеке дұрыс айтады да, сөз ішінде дұрыс айта алмайды.

Балалардың дыбыс қолдануында мынадай кемшіліктер кездеседі: сөз ішінде дыбысты дұрыс айтпау, сөзде дыбыс қалдырып айту; сөз ішінде дыбыс алмастыру. Мысалы, қуыршақ–құршақ, қолғап–қолбақ, орамал–омалар – омайлар.

Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру жұмыстарын басқа сабақтарда (шығарма оқу, дидактикалық ойын, бақылау) оқу қызметінің мазмұнына қарай жүргізуге болады. Бала оқу жылы ішінде бағдарламада көрсетілген дыбыстарды түгелдей дұрыс айтатын болуы қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалар негізінен өте қарапайым түрде әңгімелейді және тек жай сөйлемдермен немесе көмекші сұраққа бір сөзбен ғана жауап береді. Әсіресе көркем әдеби шығармаларды мазмұндап айтып беру қазақ тілінде жұмыс істейтін балабақшаларда айтарлықтай емес.

Сондықтан тәрбиешілердің бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгендері дұрыс. әңгімелеуге үйреткенде мыналарды ескеру қажет:

- a. балалардың қойылған сұраққа дұрыс, толық жауап беруі;
- b. тәрбиеші қолданған күрделі сөйлемдерді қайталапқызу;
- c. өздеріне сөйлемдер құрату;
- d. сөйлемге қажет сөздерді ойлап тауып айтуға үйрету;
- e. сөз жасау, сөзге түрлі жалғау–жұрнақтар қосып айтуға үйрету;
- f. суретті көрсете отырып және суретсіз (белгілі оқиғаға) әңгіме құрату.

## МАЗМҰНЫ

- КУАНЫШКЕРЕЕВА МАЙРА ШАРИПОЛЛАЕВНА
- БАГЛАНБАЕВА ГУЛЗАДА НҰРМАХАНҚЫЗЫ
- ШАКЕНОВА АЛТЫНАЙ АСҚАРБЕКҚЫЗЫ
- СИХИМБАЕВА АҚЛИМА КУАНЫШБЕКОВНА
- ҚОЙГЕЛДИЕВА АЙНҰР БОРАНҚЫЗЫ
- БЕКТҰРСЫНОВА РАЙХАН ЕРМЕКҚЫЗЫ
- МЫРЗАБАЕВА ГҮЛНАМА НОҒАЙБЕКҚЫЗЫ
- ДИЛДАНОВА ГҮЛЗАТ АНУАРБЕКҚЫЗЫ
- КАРИБАЕВА СВЕТА НУРШАТАЕВНА
- ШЕГЕБАЕВА АХТОЛКЫН ОРАЗХАНҚЫЗЫ
- БАТЫРОВА ГУЛЗИХАН ҚАРАҒҰЛҚЫЗЫ